

АҚ «Оңтүстік Қазақстан медицина  
академиясы»

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
«Түркістан облысы халықтарының арасында  
туберкулез ауруының орын алу жағдайын  
эпидемиологиялық тұрғыда бағалау»  
тақырыбындағы студент Сәден Ақерке  
Бауыржанқызының дипломдық жұмысына  
баяндама.

Ғылыми жетекші, ж.ғ магистрі Жаксыбаева  
Ж.Б

## Жұмыс өзектілігі.

Бүгінде туберкулез ауруының таралуының шыңы ХХ ғасырдың соңғы жылдарына сәйкес келеді. Туберкулездің халық арасында таралу эпидемиологиясы, халықтың әлеуметтік-экономикалық статусы мен білімділігіне, ішкі және сыртқы көшіп-қонуын, сондай-ақ аурудың тіркелуімен микобактерияның қоршаған ортада тұрақтылығына, оның вируленттілігіне тікелей байланысты болды.

ДДҰ мәліметінше әлемде 1 млрд адам туберкулез микобактериясын жұқтырады, сондай-ақ 8-10 млн адам адам ауруға шалдығады, ал 3 млн адамда туберкулез ауруынан өлім-жітім орын алады.

XX ғасырдың соңғы жылдары Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез ауруының тіркелу жағдайы жиілеген, оның ішінде алғашқы туберкулез 3 есе, ал асқыну түріндегі туберкулез 1,6 есеге көбейген. Елімізде туберкулезден айыққан науқастар арасында, аурудың қайталану жағдайы жалпы аурудың 2015 жылы-17,1 , 2016 жылы-12,5 , 2017 жылы-11,1 құраған. Оның ішінде 2012 жылы өкпе туберкулезінің қайталануы-95,1 , өкпеден тыс туберкулездің қайталануы-4,9 .

# Зерттеудің мақсаты

- Түркістан облысы тұрғындары арасында туберкулез ауруының орын алу жағдайын эпидемиологиялық тұрғыда бағалау.

- Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.05.2014 жылғы №597 «Қазақстан Республикасында туберкулезбен күресу жөніндегі 2014-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы жоспарын бекіту туралы» қаулысы бойынша, көптеген дәрігерлерге төзімді туберкулез және дәрігерлерге ауқымды төзімді туберкулез ауыртпашылығын төмендетуге бағытталған.
- Түркістан облысы халықтары арасында туберкулез ауруының қайталану жағдайы 2012 жылы 828 жағдаймен 100 мың хылыққа шаққандағы көрсеткіші 30,8 сәйкесінше 2014 жылы 659 жағдаймен 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіші 24,2 құраған және зерттеу жылдарында аурудың қайталануы абсолюттік жағдайы 20,4 пайызға кеміген.

- 2012-2016 жылдары жүргізілген ретроспективті эпидемиологиялық талдау нәтижесінде туберулез ауруымен сырқаттанушылық деңгейінің жалпы төмендеу жағдайы орын алды. Бүгінде эпидемиологиялық көрсеткіштердің нақтылығы ресми түрде дәлелденген және туберкулезге шалдыққан науқастардың «Ұлттық электрондық регистрінің» мәліметтеріне негізделген. Бұл регистр еліміздегі туберкулез ауруының барлық жағдайының ділме-дәл дерекқоры болып саналады.

Келесі тыңдалымда жұмыстың жалғасы баяндалады. Назарларыңызға рахмет.